

«6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Билалов Сейдали Умиртаевичтің - «Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді</p>	<p>1.1 Билалов Сейдали Умиртаевичтің «Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Сырдарияның төменгі ағысындағы ерте орта және ортағасырлардағы қалалық мәдениеттің қалыптасуы мен даму бағыттарына анықтама берілген.</p> <p>1) Диссертацияның кейбір тарауларын орындау барысында №ГР0118РК00571 «Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалық мәдениеттің қалыптасу барысында түркі-оғыздардың Арал маңының отырықшы-егінші тайпаларымен байланысы (б.з. I мыңжылдығы)» және «Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалардың ортағасырларда этномәдени байланыстардағы рөлі (Жанкент қалашығы)» атты автордың қатысуымен орындалған жобалардың нәтижелерін пайдаланған.</p> <p>2) Мемлекеттік «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында Қазақстан материалдық тарихи-мәдени мұрасын зерттеу арқылы қазіргі қоғамның рухани дамуының негізін зерделеуге бағытталған. Ізденуші аталған бағдарламалар аясында жүргізілген зерттеулер нәтижелерін негізге ала отырып зерттеу жұмысын орындаған.</p> <p>3) С.У. Билаловтың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-</p>

			техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлар дәуірінде тіршілік еткен қалаларда жүргізілген кешенді археологиялық, этнографиялық, пәнаралық жаратылыстану-ғылыми әдістері, геоархеологиялық және мәдени типологиялық зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып қол жеткізген нәтижелерін ғылыми айналымға енгізіп отыр.</p> <p>Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық бекіністі қоныстар мен қалалардан алынған археологиялық материалдарды талдай отырып аймақта ерте орта ғасырдан кейінгі орта ғасырға дейінгі аралықта алдымен қаңлы, кейін түркі тілді тайпалар тығыз қоныстанған қалалық мәдениет болғандығын анықтаған.</p> <p>Сонымен қатар Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар мен бекіністі қоныстардың тарихи-топографиясына салыстырмалы сараптамалар жүргізіп оларды аумақтық орналасуы, археологиялық мәдениетке тиесілі белгілері және мерзімі бойынша жіктеп типологиялық классификациясын жасаған. Ескерткіштерден алынған биологиялық сынамаларға жүргізілген пәнаралық зерттеулер арқылы олардың мерзімделуін нақты анықтаған.</p> <p>Ортағасырлық бекіністі ескерткіштердің қорғаныс жүйелерін талдап, оларды салу барысында көршілес аймақ ықпалы мен жергілікті құрылыс салу тәсілдерінің ерекшеліктерін анықтаған, қорғаныс құрылыстарының даму динамикасын анықтаған.</p> <p>Отандық және шетелдік ғылыми ұйымдар архив қорларында Арал өңіріне қатысты сақтаулы тұрған ақпараттарды ұтымды пайдаланған. Диссертациялық жұмыс ғылымға</p>

			елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған. 2.1 Қосады, ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Билалов Сейдали Умиртаевич диссертациялық жұмысын өзі орындаған, жазу деңгейі жоғары. Жинақталған көп көлемдегі материалдарды ізденуші толық игере алған. Диссертант ғылыми жұмысты жазу барысында археологиялық материалдарға салыстырмалы талдау, тұжырымдау, өзіндік пікір білдіру секілді қағидаттарды ұстанған. Ғылыми әдебиеттер, архивтік құжаттар салыстырыла отырып талданып берілген. 3.1 Жазу деңгейі жоғары
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жұмыстың Кіріспе бөлімінде негізделген. Ғылыми еңбектің тақырыбы аса өзекті және дер кезінде зерттеу мақсатында қолға алынған. Диссертацияда қарастырылған ортағасырлық қалалар ақпараттық құндылығы жоғары болып табылатын ескерткіштер. Аталған ескерткіштер түрлі шаруашылық мақсатта жер игеруге байланысты және табиғи жауын-шашын қатерінен пішіні өзгеріп, жойылу қаупі алдында тұрған нысандар. Оларды заманауи зерттеу өңірде XX ғ. орта тұсында ХАЭЭ-ның кешенді барлау-зерттеу жұмыстары барысымен тікелей байланысты. Ескерткіштерді алғашқы рет сипаттап олардың типологиялық жіктемесін С.П. Толстов жасайды. Дегенмен соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеу нәтижелері, 1948 ж. Жетіасар ескерткіштеріне жасалған типологиялық жіктеуді қайта қарастыруды қажет ететінін көрсетіп отыр. Ізденуші жалпы археология ғылымында жаңадан қолданылып жүрген кешенді ғылыми зерттеу әдістерін өз жұмысында ұтымды пайдаланған. Осы тұрғыдан диссертациялық жұмыстың көрсеткіші өзекті болып саналады. Диссертант Сырдарияның төменгі

		<p>ағысындағы ерте ортағасырлық ескерткіштерді археологиялық зерттеулер барысында қолданылған пәнаралық және жаратылыстану ғылымы әдістері арқылы алынған нәтижелерді зерттеу жұмысын жазуда тиімді пайдаланған.</p> <p>С.У. Билаловтың диссертациялық жұмысында Сырдария өзенінің төменгі ағысында ерте орта ғасырларда қалыптасып дамыған қалалық ескерткіштерін зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша ой-тұжырымдары жасалған және зерттеу жұмысының ішкі бірлігі сақталған.</p> <p>4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен бес қосымшадан тұрады. Барлық тараулар логикалық тұрғыдан байланысады және алдына қойған мақсаты мен міндетіне толығымен жетіп отыр. Әр тарау негізгі ішкі құрылымы бір бірімен сабақтасады және толық қорытындыда сәйкестілік бар. Ғылыми жаңалығы мен жасалынған тұжырымдары зерттеудің мазмұнын айқындауға сәйкестігімен сипатталады.</p> <p>4.2.1 Айқындайды</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбында қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді.</p> <p>Диссертант Сырдарияның төменгі ағысындағы ерте ортағасырлық кезеңнің экологиялық жағдайларын қалпына келтіру, ортағасырлық қалалар мен қоныстардың атқарған қызметтері бойынша типологиясын жасау, бекіністі қоныстар мен қалалардың қорғаныс жүйелерінің дамуын сипаттау мақсатында бірнеше міндеттер қойып, мәселені шешу жолдарын ұсынған. Диссертациямен танысу барысында әр тарауда аталған мақсат бойынша</p>

		жұмыс жүргізіліп, міндеттері іске асқаны байқалады. Зерттеу нысанын бір жүйеде игере алған. 4.3.1 Сәйкес келеді.
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Ұсынылып отырған жұмыс тараулары мен бөлімдері құрылымдық жағынан бір-бірімен толық байланысқан. Диссертант жұмысты жазу барысында, дара тараулар жасай отырып оның соңындағы бөлімдерде қорытынды ұйғарымдар шығарған.</p> <p>ГАЗ бағдарламалары көмегімен ескерткіштердің кеңістікте орналасуы бойынша кешенді талдау жұмыстары жүргізіп, Сырдарияның төменгі ағысында ерте ортағасырлық бекіністі қалалар мен қоныстар орындары бірнеше карталарда нақты көрсетілген.</p> <p>Ізденуші орындаған жұмысында Сырдарияның төменгі ағысын бірнеше табиғи-тарихи аудандарға бөліп қарастырып, толық сипаттамасын беру, ескерткіштерді мерзімдік көрсеткіштеріне байланысты топтастыру сияқты бір-бірін логикалық тұрғыда толықтыратын бөлімдер мен тараулар құрастырған.</p> <p>Зерттеу жұмысын жазу барысында аймақта ғылыми зерттеулер жүргізген халықаралық кешенді археологиялық экспедициялар материалдарын және архив құжаттарын тиімді пайдаланған.</p> <p>Сонымен қатар жұмыстың қосымшасында барлық сараптамалық дәлелдік базасы жақсы көшірмелер мен фотосуреттермен көрсетілген. Диссертанттың қол жеткізген нәтижелері бірін-бірі толықтыра отырып байланысқан, өзара құрылымдық сабақтасығынан ауытқымай жүйелі түрде келтірген пайымдаулары диссертацияның маңыздылығын арттырады.</p> <p>Барлық тараулар, бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланыса тақырыптың мазмұнын толық ашады.</p>

			4.4.1 Толық байланысқан.
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді. Бұрыннан белгілі шешімдерге негізделген ой-тұжырымдарға сыни талдау жасап, оларды мазмұндық тұрғыдан тиімді пайдаланған. Зерттеу үшін таңдап алған әдіс-тәсілдерді орынды қолданып, тарихи фактілерге негізделген өз ойын диссертацияда кеңінен баяндаған. Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиялық жіктелуі мен қорғаныс құрылыстарының ерекшелігіне байланысты проблемалық-хронологиялық және аудандастыру әдістерін, ішкі, сыртқы топографиялық белгілері бойынша талдау әдістерін кеңінен қолдану арқылы жұмысты орындау барысында мерзімдік және аумақтық қағидаттарын ұстанған. Ескерткіштерден алынған археологиялық материалдарға жүргізген талдаулар арқылы алынған нәтижелер бойынша бірнеше тұжырымдар ұсынған. Ескерткіштердің ерекшеліктеріне назар аударған.</p> <p>4.5.1 Сыни талдау бар.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп қарастыруға болады. Ізденуші зерттеу барысында келесі жаңалықтарға қол жеткізген:</p> <p>1. XVIII ғ. бүгінге дейін Сырдария бойының ортағасырлық қалаларын зерттеу барысында жиналған архивтік-кітапнамалық мәліметтер талданып, өңірдің зерттелу тарихы мерзімі мен идеологиялық сипатына қарай жүйеленіп кезеңдерге бөлінді; Жаңа ғылыми нәтиже.</p> <p>2. Сырдария бойындағы қоныстардың тіршілігі көне арналарда су ағынының өзгеруіне байланысты түсіндірілді, V–XIV ғғ. арасында тіршілік еткен ескерткіштердің мерзімделуі негізінде арналарда су ағыны болған уақыт нақтыланып, олардың көшу</p>

		<p>карталары жасалды. V - XIV ғғ. аймақтың қоңыржай климаты аралас шаруашылық түрінің қалыптасуына тигізген ықпалы анықталды; Жаңа ғылыми нәтиже.</p> <p>3. Жазба деректер мен археологиялық зерттеулер барысында қорғаныс қабырғалардан алынған мәліметтерді салыстыра талдау негізінде және материалдарды жаратылыстану ғылымы әдістерімен зерттеу арқылы жекелеген қалалардың қалыптасуы, дамуы, құлдырауы нақты мерзімделді; Жаңа ғылыми нәтиже.</p> <p>4. Зерттеу аймағында ортағасырлық қорғаныс құрылыстары бар қалалардың ішкі топографиясы жан-жақты сипатталып, олардың жоспарында түрлі құрылымдардың маңызы нақтыланды, Шығыс Арал маңы ортағасыр ескерткіштерінің қорғаныс құрылыстары тарихына қатысты маңызды жаңа археологиялық материалдар ғылыми айналымға енгізілді; Жаңа ғылыми нәтиже.</p> <p>4. Ортағасырлық қалалар мен қоныстарды қызметтерін көрсететін ішкі, сыртқы белгілері, аумақтық орналасуы бойынша топтастырып, құрылымдық ерекшеліктері, жекелеген белгілеріне қарай типологиялық жіктеуі жасалды; Жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.</p> <p>5. Ортағасырлық қалалардың фортификация жүйелерінің даму үдерісі, өзіндік жергілікті ерекшеліктері, қорғаныс элементтерінің сатылап даму жолдары анықталып, қорғаныс құрылыстары элементтерінің жеке талданып сипаттамасы жасалды; Жаңа ғылыми нәтиже.</p> <p>6. қорғаныс құрылыстарын салғанда пайдаланған құрылыс материалдар мен әдістердің ерекшеліктері ғылыми тұрғыда сипатталып, қорғаныс жүйелерінің тактикалық-стратегиялық жоспарына талдау жасалды, қорғаныс</p>
--	--	--

			<p>құрылымдарының даму сипатына әскери-шабуылдау техникаларының дамуы әсерінен орын алған өзгерістердің себептері айқындалды. Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.</p> <p>5.1.1 Толығымен жаңа.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертацияға енген Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық бекіністі қалалар мен қоныстар туралы мәліметтерді жүйелеп, олардың мерзімделуіне қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар мен өзгертулер енгізген. Бұл жұмыста Сырдың төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың қорғаныс жүйелері жеке тарау ретінде қарастырылған. Зерттеу жұмысы жүйелі түрде жоспарланып, диссертацияны орындау барысында кешенді әдістер қолдану арқылы жаңа мәліметтерге қол жеткізген. Осылайша ғылыми айналымға жаңа ақпараттар қосылып отыр.</p> <p>5.2.1 Толығымен жаңа</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «6D020800 - Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық технологиялық басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста зерттеуші келтірген барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді, ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді	Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген. 1-қағидат бойынша диссертациялық жұмыста Сырдарияның төменгі

		<p>ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>ағысындағы ортағасырлық қалалар жайлы өлкетанушылық (XVIII ғ. – XX ғ.) кезеңде жиналған мәліметтер мен 1946-2023 жж. арасында жүргізілген заманауи археологиялық зерттеулер кезінде жиналған архивтік-библиографиялық материалдар талданып өңірде жүрген зерттеулер тарихы саяси-идеологиялық кезеңдерге байланысты бөлінген.</p> <p>7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә</p> <p>2-қағидат бойынша Сырдарияның көне арналары бойында V–XIV ғғ. мерзімделген қалалардың тіршілік әрекеті толығымен қоршаған ортаға тәуелді болып, өңірде тіршілік еткен қоныстық ескерткіштердің пайда болу, даму, құлдырауы себептері тікелей арналардағы су ағынымен байланысты болғаны анықталған. Ортағасырлық қалалардың өмір сүрген уақытын анықтау арқылы көне арналарда су ағыны жүрген уақытты нақтылап, осы негізде арналардың әр тарихи кезең бойынша өзгеру картасы жасалған.</p> <p>7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә</p> <p>3-қағидат бойынша дереккөздер мәліметтері мен археологиялық зерттеулер нәтижелерін салыстыра талдаудың және соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында алынған сынамаларға жасаған радиокөміртекті талдаулар нәтижесінде Жетіасар жазығында Қуандария арналары бойындағы және Ескідариялық арнасы бойындағы жекелеген қоныстардың IV-V ғғ. қалыптасып X-XI ғғ. дейін тіршілік еткен уақыты нақты мерзімделген.</p> <p>7.1. Дәлелденді</p>
--	--	---	--

			<p>7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5.Иә</p> <p>4-қағидат бойынша зерттеу аймағында археологиялық зерттеу жүргізілген ортағасырлық қалалардың тарихи топографиясына жазба деректер, картографиялық материалдар мен археологиялық қазба нәтижелерін қолданып, талдаулар жасалды. Ортағасырлық қорғаныс құрылыстары тарихына қатысты маңызды материалдар ғылыми айналымға енгізіліп, елді мекендерді жоспарлауда қоршаған жер бедері ескеріле салынған құрылымдар маңызы анықталған.</p> <p>7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі орташа 7.5. Иә.</p> <p>5-қағидат бойынша Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қоныстар жоспарында цитадельдің болуы, орналасуы, қалаға қатынасы, көшелер жоспары сияқты ішкі белгілері, қаланың көлемі, пішіні, қабырғалар біртұтастығы, мұнаралар болуы мен олардың пішіндері секілді сыртқы белгілері бойынша атқарған қызметтері айқындалған. Қалалардың топографиялық жоспарлануы, орналасуы, құрылым ерекшеліктері, ұқсастықтары және сабақтастықтарына қарай типологиялық жіктелімі жасалған.</p> <p>7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5.Иә.</p> <p>6-қағидат бойынша аймақтың ортағасырлық бекіністі қоныстарына тарихи талдау жүргізуде қорғаныс жүйелері олармен қатар дамығаны анықталған. Қалалар пайда болуы мен ғасырлар бойы үздіксіз дамуы барысында қалыптасқан жергілікті ерекшеліктер мен қорғаныс құрылыстардың бөліктері кезең-</p>
--	--	--	--

			<p>кезеңімен даму сатыларынан өткені айқындалған.</p> <p>7.1. Дәлелденді</p> <p>7.2. Тривиалды емес</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5. Иә.</p> <p>7-қағидат бойынша ортағасырлық қалалар қорғаныс жүйелерін салуда қолданған құрылыс материалдары мен құрылыс салу әдістерінің көршілес аймақтармен ұқсастықтары нақтыланған. Ортағасырлық инженерлік құрылыстар мемлекеттердің маңызды стратегиялық қалалары мен тірек пункттерінде жоспарланып салынғаны, ежелгі тайпалардың қоныстарды қорғауға табиғи кедергілерді бейімдеп, жер бедерін пайдаланғаны айқындалған. Жергілікті қорғаныс жүйелердің дамуындағы трансформациясына әскери полиоркетиканың ықпалы жоғары болғаны нақтыланған.</p> <p>7.1. Дәлелденді</p> <p>7.2. Тривиалды емес</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5. Иә.</p> <p>Зерттеудің нәтижелері 26 бірлескен авторлық ғылыми мақалада жарық көрген. Олардың арасында 3 мақала Web of Science және Scopus ғылыми-метриялық деректер базасына енгізілген басылымда, 7 мақала ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 16 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында жарияланған.</p>
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	<p>Қойылған міндеттерді шешу үшін, жұмысты жазу барысында тарихилық қағидаты басшылыққа алынған. Зерттеу нысаны ортағасырлық қалалар болғандықтан, жұмыста жалпы ғылыми әдістермен бірге археологиялық барлау және қазба жүргізу әдістері қолданылған. Материалдарды талдап және түсінік беруде хронологиялық сәйкестендіру, салыстырмалы-</p>

		<p>типологиялау, салыстырмалы-сипаттау әдістері қолданылған. Сондай-ақ жаратылыстану пәндерінің магниттік, электрлік барлау, палеотопырақтану әдістері кеңінен қолданылған. Материалдарға радиокөміртектік талдау жасау арқылы мерзімдемелер жасалған.</p> <p>8.1.1 Иә</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында компьютерлік технологиялар оның ішінде ескерткіштердің орналасу картасын жасауда ГАЗ кеңінен қолданылған және ескерткіштердің нақты географиялық координаттары енгізілген. Кейбір қалалардың топографиялық жоспары жаңа лазерлік тахеометрлер көмегімен түсіріліп, компьютерлік бағдарламалар арқылы өңделген. Жекелеген ескерткіштердің әуеден түсірілген фотосуреттері компьютерлік бағдарламалар арқылы өңделіп ортофотосы жасалған.</p> <p>8.2.1 Иә</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>Теориялық тұжырымдар кешенді зерттеулермен дәлелденіп расталған. Сырдарияның төменгі ағысындағы ерте ортағасырлық қалалар мен олардың қорғаныс жүйелері ғылыми тұрғыда толық сарапталған. Ескерткіштердің пішіні мен құрылымдарындағы Қазақстанның оңтүстік аймақтары және көршілес Әмударияның төменгі ағысы аумағындағы ескерткіштермен салыстырыла сипатталып ерекшеліктеріне мән берілген. Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, тұжырымдар нақты материалдарға және бұрынғы зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.</p> <p>8.3.1 Иә</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық, методологиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген құнды мәліметтер нақты және сенімді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін</p>

			растайтын архивтік: РҒА Н.Н. Миклухо-Маклай атын. ЭАИ архив қорындағы ХАЭЭ материалдары, ҚР ҒЖБМ Ә.Х. Марғұлан атын. АИ Сырдың төменгі ағысындағы ескерткіштерде жүргізілген археологиялық экспедициялардың есептері сақтаулы архив қоры, Қорқыт Ата атын. ҚУ Археология және этнография ҒО ғылыми есептері қаралған. Сонымен қатар қарастырылып отырған мәселе бойынша басқа зерттеушілердің еңбектерін талдап жұмыстар жасаған. 8.4 Расталған
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 397 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай архив материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар тізімі ұсынылған. 8.5 Жеткілікті
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ	Иә, диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеуде ұсынылып отырған нәтижелер отандық тарих, археология ғылымдарының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында қолданылған теориялық-әдістемелік ұстанымдар мен қағидаттар келешекте жүргізілетін басқа да зерттеулерде пайдалануға болады. 9.1.1 Маңызы бар
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының нәтижелері мен материалдарын келешекте Қазақстан тарихының қазіргі тұжырымдамасын жасауда және ЖОО-ында «Қазақстан археологиясы», ортағасырлық кезеңдегі урбандану үдерістері, орта ғасырда қорғаныс құрылыстарының дамуы жайлы топтама еңбектер, оқулықтар жазуда, тарихи ескерткіштердің аймақтық тақырыптық маршруттарын ұйымдастыруға түрлі тақырыптарда көрмелер ұйымдастыруда кеңінен пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының нәтижелерінің ғылыми жарияланымдарын ЖОО білім алушыларына дәрістік материалдар ретінде және оқу-әдістемелік

			күралдар да дайындауда қолдануға болады. 9.2.1 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі Сырдарияның төменгі ағысындағы ерте орта ғасырларда қалыптасып дамыған бекіністі қалалары мен қоныстардың типологиялық жіктелуі мен қорғаныс құрылыстарын жүйелі түрде кешенді әдіспен зерттелген алғашқы еңбек болып табылады. Қазақстан тарихы мен археологиясындағы Сырдарияның төменгі ағысында ғылымға бұрыннан белгілі және белгісіз ескерткіштердің ғылыми сипаттамасы, қалыптасу мен даму динамикасына қатысты құнды еңбек болып табылады. 9.3.1 Толығымен жаңа
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, академиялық стильдің талаптарына сай жазылған. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан негізді әрі дәйектілікпен жазылған. Диссертация мәтінінде орфографиялық қателіктер жоқтың қасы. Тақырып нақты материалдарға бай және толыққанды дайындалған зерттеу деуге болады. 10.1 Жоғары
11	Диссертацияға ескертулер		Жұмыс барлық талапқа сай, ретімен жазылғандықтан жоғарыда айтылған сын ескертпелер диссертацияның құрылымына нұқсан келтірмейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы		Ғылыми нәтижелерге қол жеткізуде ізденуші зерттеуде қозғалған мәселелер бойынша 2011 ж. бері зерттеулер жүргізіп келген. Соңғы он жылдан астам уақыттан бері өзі қатысқан Сырдарияның төменгі ағысындағы ерте ортағасырлық қалалардың қорғаныс құрылыстарында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелерін бірнеше конференция материалдары мен жинақтарда жариялап отырған. ҚазҰУ-дің

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		докторантура курсына оқуға түскен соң жинақтаған тәжірибесі бойынша ортағасырлық қалалардың қалыптасуы, дамуы, олардың типологиясы, фортификациясының дамуы бағытында зерттеулерін жалғастырып 26 мақаласы жарияланған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)		Билалов Сейдали Умиртаевичтің - «Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтанда, «6D020800 -Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің оқытушысы,
қауымдастырылған профессор
Т.Г.К (PhD)



М.Д. Калменов

Подпись т.т.	<u>М.Д. Калменов</u>
Закреплено	
Начальник отдела кадров	<u>[Signature]</u>
" 03 " 08 2025 г.	